УДК 616.314 – 089. 5 – 031.84

М.Т. Копбаева, А.Д. Сагатбаева, Е.Н. Смагулова
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті
Стоматология бойынша интернатура және терапиялық стоматология кафедрасы

СТОМАТОЛОГИЯДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ АНЕСТЕЗИЯ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұрыннан дәрігер-стоматологқа бару пациентте ауыру және олардың пайда болуы алдындағы қорқыныш сезімімен байланысты. Жансыздандырудың көпжылдық тарихы мен оны жүзеге асырудың заманауи мүмкіндіктеріне қарамастан, бұл қорқыныш заңдылық бүгін де байқалады. Осылайша, пациенттердің 50%-да стоматофобия синдромы - ауырсынудан қорқу және стоматологиялық ем жүргізу кезінде қолайсыз нәтижеден қорқу, яғни еңсерілмейтін қорқыныш байқалады.
Түйінді сөздер: *ауырсыздандыру, стоматофобия, ауырсыздандыруға көрсеткіш*

Стоматофобия диагностиканы, емдеу барысын, стоматологиялық араласудың нәтижелері мен болжамын айтарлықтай қиындатады, асқыну ықтималдығын арттырады. Жүректің ишемиялық ауруы, гипертониялық ауру, атеросклеротикалық және психикалық аурулары, бронх-өкпе патологиясы, эндокриндік және невротикалық бұзылулары бар науқастарға ерекше назар аудару қажеттілігі туындайды, себебі оларда күйзелістің жағымсыз салдарынан анестезиологиялық қауіп дәрежесі жоғарылайды.

Жақ-бет аймағы жақсы иннервацияланған және қанмен жақсы қамтамасыз етілген, сол үшін емдік манипуляциялар жүргізген кезде ағзаның көптеген жүйелері тарапынан жауап реакциялары пайда болады, олар пациенттің жалпы көңіл-күйіне әсер етеді. Дәрігер-стоматолог, түрлі соматикалық аурулары бар және әртүрлі жастағы науқастарға көмек көрсетеді, сондықтан, талу, стенокардия ұстамалары, аритмия, гипертониялық криз, құрысулар, тұншығу ұстамалары, бронхоспазм және жалпы сипаттағы басқа да асқынулар тіс дәрігері тәжірибесінде жиі кездеседі. Сондықтан, анамнезінде жалпы соматикалық ауруларының асқынулары бар әрбір пациентті емдеуге сақтықпен қарау қажет. Стоматолог жергілікті анестетиктің тиімділігін ғана емес, сонымен қатар науқастың қосымша ауруларын емдеу кезінде пайдаланатын дәрілермен өзара әрекеттесуін де ескере отырып дозасын, анестезия түрін мұқият таңдауы керек.

Қазіргі уақытта 100-ден астам жергілікті әсер етуші анестетиктер белгілі, бұл жансыздандыру үшін ең тиімді және қауіпсіз препаратты таңдауға мүмкіндік береді. Стоматологияға арналған жергілікті анестетиктер өндірушілер әртүрлі сауда атаулары бар фармакологиялық құрамы бойынша бірдей дәрілік заттарды шығара отырып, бір-бірін жиі қайталайды. Бүгінгі күні артикаин мен мепивакаин негізіндегі препараттар өте танымал, ол көлемі 1,7-1.8 мл карпул түрінде шығарылады. Карпулада анестетикадан басқа түрлі қоспалар бар: вазоконстрикторлар, стабилизаторлар, консерванттар, натрий хлориді және инъекцияға арналған су.

Вазоконстрикторлар тіндердің жергілікті ишемиясы есебінен анестезияның ұзақтығы мен тереңдігін арттырады және инъекция аймағында анестетик депосын құрады. Вазонстрикторлары бар анестетиктерді қолдануға пациентте жүрек-қан тамырлары аурулары (артериялық гипертензия, пароксизмальды тахикардия, коронарлық және ми қан айналымының бұзылуы және т.б.), жабық бұрышты глаукома, трициклді антидепрессанттарды (амитриптилин, мелипрамин және т. б.), селективтік емес бета-адреноблокаторлармен, нейролептиктермен, жүрек гликозидтерімен, декомпенсация деңгейіндегі қант диабеті, гипертиреозда, жоғарғы дәрежелі қобалжуда, жүктілік кезінде және допинг-бақылау алдында қолдануға болмайды.

Мұндай патологиясы бар емделушілер үшін таңдау мепивакаин негізіндегі анестетиктер болып табылады, олар вазодилятациялық әсерінің төмендігінен 3% концентрациясында ғана қолданылуы мүмкін (вазоконстрикторсыз). Бұл анестетиктер тобы вазоконстрикторға қарсы көрсеткіші бар, адреналинге немесе оның бисульфит тұрақтандырғышына жоғары сезімталдығы бар емделушілерге, сондай – ақ ұзақтығы 30-40 минуттан аспайтын процедура кезінде жарамды. 3% мепивакаиннің тамырды кеңейткіш әсерінің болмауы бронх демікпесімен, аллергиямен ауыратын науқастарға осы препаратты ұсынуға мүмкіндік береді.

Консерванттар мен тұрақтандырғыштар ретінде сульфиттер, ЭДТА және парабендер жиі қолданылады, бірақ олар аллергиялық реакцияларды тудыруы мүмкін. Құрамында натрий сульфиті бар препараттарды пациенттің күкіртке жоғары сезімталдығы кезінде, әсіресе бронх демікпесі бар науқастарда қолдануға болмайды.

Карпуладағы жергілікті анестетиктер бөлме температурасында 25^0С аспайтын, қараңғы, жарықтан қорғалған жерде сақталуы тиіс. Анестетиктер қасиеттерінің өзгеру себептері -сақтау және тасымалдау ережелерін бұзу, ұсынылған температурадан жоғары немесе төменгі температурада сақтау, дезинфекциялық ерітінділерде ұзақ уақыт ұстау.

Анестезия асқынуларының алдын алу үшін науқастың анамнезін жинау барысында бойындағы жанама жалпысоматикалық ауруларын, олардың ағымының ерекшеліктері мен пациент қолданатын емді мұқият анықтау өте маңызды болып табылады. Ол үшін арнайы сауалнама-анкетаны қолдану тиімді. Дәрігер-стоматолог пациенттермен жұмыс істеу кезінде өзін сенімді сезінуі, бәсекеге қабілетті болуы және "стоматология" мамандығының жылдам дамып келе жатқан жаңалықтарында өзін еркін сезінуі үшін олар өздерінің кәсіби деңгейін үнемі арттырып отыруы қажет.

М.Т. Копбаева, А.Д. Сагатбаева, Е.Н. Смагулова

ОСОБЕННОСТИ МЕСТНОГО ОБЕЗБОЛИВАНИЯ В СТОМАТОЛОГИИ

Резюме: Любые вмешательства в современной стоматологии должны проводится максимально безболезненно. Для достижения этих целей зачастую используется местная анестезия. Стоматолог должен умело пользоваться методами и средствами обезболивания, он должен выбрать такое обезболивание, которое было бы одновременно эффективным и безопасным. Нельзя забывать, что вещества, применяемые для местной анестезии, могут оказать и нежелательный эффект при неправильном применении.
Ключевые слова: обезболивание, стоматофобия, показания к обезболиванию.

M.T. Kopbaeva, A.D. Sagatbaeva, E.N. Smagulova

FEATURES OF LOCAL ANESTHESIA IN DENTISTRY

Resume: Any intervention in modern dentistry should be carried out as painless as possible. Local anesthesia is often used to achieve these goals. The dentist should skillfully use the methods and medication of anesthesia. Anesthesia would be both effective and safe. We must not forget that the drugs used for local anesthesia can have an undesirable effect if used incorrectly.
Keywords: anesthesia, stomatophoby, indication